

Тамақтану қазан айы анықтамасы

Қазіргі таңда жас ұрпақтың денсаулығы – қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі екені баршаға аян. Осыған орай мектеп оқушыларының дұрыс әрі сапалы тамақтануын қамтамасыз ету – біздің басты назарымызда. Асхана жұмысын тиімді ұйымдастыру және тағам сапасын тұрақты бақылау мақсатында мектепте арнайы бракераж тобы құрылып, күн сайын рейдтік тексерулер жүргізіледі.

Мектеп асханасында 1–4 сыныптағы 627 оқушы жаппай оқыту қорының есебінен бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған. Оның ішінде 26 оқушы аз қамтылған отбасылар қатарынан. Ал 5–11 сыныптарда 35 оқушы тегін тамақтандырумен қамтамасыз етілген.

Барлық оқушылар асханада тамақтанған кезде арнайы карта (АПК) арқылы белгі қойып отырады. Бұл жүйе оқушылардың тамақтануын нақты қадағалауға, деректерді электронды түрде тіркеуге және есептілікті дұрыс жүргізуге мүмкіндік береді. Қазан айында табельді қолмен толтыру жүзеге асырылады, ал қалған айларда фиксация автоматты түрде «Фудкарт» жүйесі арқылы көрсетіледі.

Күнделікті тамақ мәзірі балалардың жас ерекшеліктеріне сай жасалып, құнарлы әрі сапалы өнімдерден уақытылы дайындалады. Бұл шаралар оқушылардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың сабақ үлгеріміне, көңіл-күйіне және мектептегі жалпы ахуалға оң әсерін тигізуде.

Арендатор есебінен 6 оқушы тегін тамақтанады.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тамақтану құны келесідей:

- 6–10 жас аралығы – 690 теңге (ҚҚС-сыз),
- 11–14 жас аралығы – 784 теңге (ҚҚС-сыз),
- 15–18 жас аралығы – 851 теңге (ҚҚС-сыз).

Мектеп асханасында ұйымдастырылған ыстық тамақ балалардың жас ерекшелігіне сай құнарлы әрі сапалы өнімдерден әзірленеді. Бұл шаралар оқушылардың денсаулығын нығайтып, оқу үлгеріміне, көңіл-күйіне және жалпы мектептегі ахуалға оң әсерін тигізіп отыр.